ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫ АЛАШАНЬКОУ СТАНЦИЯСЫНДА КЕЗДЕСТІ 3 бет

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№85 (2468) 10/09/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

**Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ,**
ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»:

**«БЛАГОДАРЯ УСИЛИЯМ АО «НК «ҚТЖ» И КОРПОРАЦИИ «КЖД» ЗА 8 МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА ЧЕРЕЗ ПОГРАНИЧНЫЕ ПЕРЕХОДЫ ДОСТЫК – АЛАШАНЬКОУ И ХОРГОС – АЛТЫНКОЛЬ ПЕРЕВЕЗЕНО СВЫШЕ 10,8 МИЛЛИОНА ТОНН ГРУЗА, ЧТО НА 11% ВЫШЕ ПОКАЗАТЕЛЯ 2018 ГОДА»**

СЕМИНАР

## ДИНАМИКА РОСТА: АЛТЫНКОЛЬ – ХОРГОС

**Железнодорожники станции Алтынколь обменялись опытом с китайскими коллегами. Во время встречи были обсуждены вопросы по улучшению пропускной способности железнодорожного пункта пропуска Хоргос – Алтынколь.**

В совместном семинаре приняли участие инструкторы производственного обучения, дежурные по станции, маневровые диспетчеры. Участники семинара посетили производственные объекты станции Хоргос, провели анализ проблемных вопросов, предложили детальный алгоритм взаимодействия работников двух станций.

В частности, обсуждался вопрос сокращения оборота локомотива по колее 1520 мм с момента отправления со станции Алтынколь. Согласно достигнутой договоренности между железнодорожными администрациями двух стран, возвращение локомотива должно производиться с момента прибытия поезда резервом не позже двух часов, с вагонами – не более трех часов. В данный момент оборот локомотива составляет в среднем 5 часов 30 минут. Основными факторами задержки являются долгий пограничный досмотр КНР, таможенный досмотр и другое.

Также рассматривался вопрос разработки единого бланка, заполняемого на казахском и китайском языках для машинистов.

Следует отметить что наблюдается динамика роста обмена поездов между Алтынколем и Хоргосом. За 8 месяцев 2019 года объем перевозок грузов между РК и КНР через пограничный переход Алтынколь – Хоргос составил 2,5 миллиона тонн, в том числе экспорт – свыше 340 тысяч тонн, что в два раза выше показателя аналогичного периода прошлого года. Импорт составил более 2 миллиона тонн (+57% к 2018 году).

Увеличились и обработки контейнерных поездов через станцию Алтынколь назначением КНР – Европа, КНР – Центральная Азия, КНР – Иран. За 8 месяцев этого года отработано свыше 700 поездов.

*Алуа ТЛЕУБАЕВА*

ЦИФРА НОМЕРА

**22 МЛН ТОНН**

**ГРУЗА ПЕРЕВЕЗЕНО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ В АВГУСТЕ**

БРИФИНГ



# ЖАҢА ЖОЛ КАРТАСЫ ЖАҒДАЙДЫ РЕТТЕЙ МЕ?

Қазақстанда темір жол билеттерінің қолдан жасалып отырған тапшылығы және жол жүру құжаттарын рәсімдеу кезіндегі делдалдық және өзге де кереғар мәселелер қалай шешімін табады? Бұған қатысты «Жолаушылар тасымалы» компаниясына тағайындалып отырған шетелдік жаңа басшылық қандай ұсыныс айтады? ҚР ИИДМ көлік комитеті мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жауапты өкілдері қатысқан брифингте осы және басқа мәселелер сөз болды.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Темір жол көлігімен қоса әуе билеттері мәселесі де қарастырылған жиында құрлық арқылы жолаушылар тасымалы бойынша сұрақтарға ҚР ИИДМ Көлік комитеті төрағасының орынбасары Жәнібек Тайжанов, «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директорының орынбасары Қайрат Асқаров және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Автоматтандыру және цифрландыру департаментінің директоры Салмен Амрин жауап берді. Сонымен қатар журналистерге алғаш рет «Жолаушылар тасымалы» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалған Михаэль Кортюм таныстырылды.

Олардың айтуынша, жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін темір жол тасымалы саласында Жол картасы қабылданды және тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты болдырмау бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ құрылымындағы барлық деңгейдегі басқару құрамының «DeutscheBahn» компаниясының халықаралық мамандарына ауыстырылуы – осы мәселенің басты шешімдерінің бірі, бұл нақты нәтижеге бағытталған озық бизнес үлгіні енгізуге мүмкіндік береді. Ал ол бірінші кезекте жолаушылар тасымалының сапасынан көрініс табатын болады.

– Қазақстандағы теміржол билетінің тапшылығы шын мәнінде қолдан жасалған. Соның деңгейін төмендетіп, түп тамырымен жою үшін жасалған Жол картасы жобасы аясында жолаушылар тасымалы жүйесін жетілдіруге қатысты жоспар жасақталды, жұмысшы және жобалық топтар құрылды. «Мобиус» жүйесі мен «Күту парағы» жобасы да осы бағытта енгізілген. Бұлардың бәрі билет алу кезінде бақылауды күшейтуге бағытталған, – дейді Ж.Тайжанов.



Оның айтуынша, билетке топтық тапсырыс беру бойынша құжат рәсімдеу және қайта рәсімдеу талаптары тереңдеп өзгертілген. Топтық тапсырыс беру бойынша рәсімдеу барысындағы мерзім ауыстырылған. Сонымен қатар комитет делдалдарға қатысты жазаларды әкімшіліктік кодекс деңгейінде қатаңдатуды қолға алмақ. Биыл вагондар тапшылығын азайту үшін 63 вагон сатып алынып, оның 40 вагоны іске қосылған. Жалпы, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2025 жылға дейін жылына 150 вагон сатып алу жоспарлануда.

Көлік комитеті биыл жүргізген рейд кезінде 534 жолаушылар пойызын тексеріп, билетсіз мінген жолаушылар, рәсімделмеген жүктерге қатысты көптеген заңбұзушылықтарды анықтаған. Оларға қатысты 13 млн теңге көлемінде айыппұл салынған. Одан басқа 30 шілде мен 7 тамыз аралығында «Жол жүру билеттерін алып сататын делдалдарды және билетсіз жолаушыларды анықтау» бойынша акция ұйымдастырылып, оның нәтижесінде 148 заңбұзушылық тағы анықталған.

– Өз тарапымнан айтарым, таяуда бізде ревизорлық қызмет реформаланды. Бұрын бұл қызмет жолаушылар тасымалы штатына кірген болса, енді ол ұлттық компанияның тікелей қарамағында. Талаптарға сай оның қатарына құқық қорғау органдарымен бірлесе жұмыс істеу тәжірибесі бар теміржолшылар алынуда. Мұның бәрі салаға бәріміз күтіп отырған нәтижені беретін жаңа серпін береді деп сенеміз, – деді Қайрат Асқаров.

Ал осы жылы 1 шілдеде іске қосылған «Мобиус» жаңартылған жүйесі туралы толығырақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ Автоматтандыру және цифрландыру департаментінің директоры Салмен Амрин баяндап берді. Оның мәлімдеуінше, бүгінде «АСУ Экспрес» сату арналары жойылды. Бұл билеттерді алыпсатуды азайтуға мүмкіндік берген. «Күту парағы» жүйесі жұмыс істеген 2 ай ішінде 239 мың адамның тапсырысы тіркеліп, 59 мың жолаушы билет алған. 89 мың адам түрлі себептермен билет алудан бас тартқан. Бұл дегеніңіз – 140 мыңға жуық билет делдалдар қолынан сусып кетті деген сөз. Сонымен қатар терминал ревизорлар іске қосылды. Бұрын ревизорлар қағаз жүзінде тексеретін. Енді мобильді терминалдар қолданылуда екен.

– «Мобиус» жүйесі бойынша қолданушылармен жұмысты бақылау жолға қойылып, 60 желі қолданушы бұғатталды. Олар – күту парағын пайдаланып, билет сатып алатын алыпсатарлар. Мәселен, осы жүйеде тіркелген пошта мекенжайларының 3 пайызы тапсырыстың 61 пайызын берген. Бір пошта жәшігіне 2500-ге дейін тапсырыстан келген. Мұның бәрі – делдалдардың ісі. Біз мұнымен күрес түрін де ойлап таптық. Яғни, «Күту парағын» растау жүйесін іске қосудамыз. СМС жүйе арқылы жасалады. Бүгінгі таңда ұялы байланыс операторларымен келіссөздер жүргізілуде. Жыл соңына дейін осы жаңа жүйе іске қосылмақ. Әрбір белсенді тапсырыс үшін соны растайтын СМС хабарлама келіп түседі. Мәселені осылай шешпекпіз, – дейді Салмен Амрин.

Брифингте спикерлер журналистерді толғандырған өзге де сұрақтар бойынша жауап берді.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

АҚПАРАТ

## ДАМУ ТЕТІГІ – САПАЛЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Камалиев Сеулде өткен жаһандық инфрақұрылымдық ынтымақтастық бойынша конференцияға қатысты.**

Алқалы жиында сөз алған вице-министр кез келген елдің табысты экономикалық дамуы – көлік пен адамдардың жүріп тұруының, жүк айналымының негізгі көзі болып табылатын көлік инфрақұрылымының сапасымен тікелей байланысты екенін атап өтті. «Халықаралық тұрғыдан алғанда, бұл мәселелердің шешімі Шығыс пен Батыс арасындағы транзит пен логистиканы дамытуда да өте маңызды мәселе болып табылады, өйткені Қазақстан Азиядан Еуропаға бағытталған барлық жердегі бағдарлар жолында орналасқан, бұл халықаралық жүк тасымалы үшін кедергілерді жоюға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Берік Камалиев өз сөзінде.

Еуропа мен Азия арасындағы құрлықтағы негізгі транзиттік дәліз бола отырып, Қазақстан экономиканың жоғары табыс көзі болып табылатын транзит үшін базалық инфрақұрылымдық жағдайлар жасап отыр. Айталық, елімізде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі, Жезқазған – Бейнеу темір жолы, Қытаймен шекарада «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА Құрғақ порты салынса, батыста Ақтау теңіз порты жаңғыртылып, Құрық порты салынды. Бұл инфрақұрылымдық жобалар Қазақстанның көлік дәліздерінің халықаралық желіге кірігуін жеделдетуге мүмкіндік берді. Қазақстанда қазірдің өзінде, теміржол инфрақұрылымын дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Мәселен, ағымдағы жылы Қазақстан – Қытай консорциумдарының қатысуымен мемлекеттік-жекеменшіктік әріптестік схемасы бойынша іске асырылатын Алматы станциясын айналып өтетін ұзындығы 73 км құрайтын темір жол желісін салу жобасы бойынша инвесторды анықтау жоспарлануда. Бұл жаңа желі Қытайдан Орта Азия елдеріне бағытталған транзиттік жүкті тасымалдау мерзімін орташа есеппен 2 тәулікке дейін қысқартуға мүмкіндік бермек.

Ал теңіз көлігіне келер болсақ, Қазақстан Каспийдегі негізгі жүк құрушы мемлекет болып табылады және Каспий бассейніндегі жүк айналымының жалпы көлеміндегі Ақтау және Құрық теңіз порттарының үлесі шамамен 30%-ті құрайды. Биыл Ақтау – Баку порттары арасындағы контейнерлік тасымалдардың фидер желісі іске қосылды. Ақтау және Құрық порттары арқылы тасымалдардың өсімін қамтамасыз ету үшін 2 паром және 4 фидерлік кемелерді (контейнерлік тасығыштарды) сатып алу көзделіп отыр.

*Нұрбек БЕКЕН*

АКЦИЯ

# «БІРГЕ – ТАЗА ҚАЗАҚСТАН!» ПРОДОЛЖАЕТСЯ

Структурные подразделения АО «НК «Қазақстан темір жолы» по всей стране продолжают принимать активное участие в республиканской экологической акции «Бірге – Таза Қазақстан!».

**Асель ШАЙХЫНОВА**

В Послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана отмечено, что необходимо активизировать работу по улучшению экологии, расширению использования возобновляемых источников энергии, культивированию бережного отношения к природе. Призыв нашел широкий отклик среди железнодорожников.

В структурных подразделениях АО «НК «ҚТЖ» на постоянной основе разрабатываются мероприятия по природоохранной деятельности.

К примеру, АО «Пассажирские перевозки» ежегодно заключаются договора на вывоз твердо-бытовых отходов, проверку автотранспорта на токсичность, разработку предельно-допустимых выбросов, разработку паспортов опасных отходов, повышение квалификации лиц, ответственных за природоохранную деятельность, демеркуризацию ртутьсодержащих ламп, утилизацию оргтехники и шин. Повсеместно производится замена ртутьсодержащих ламп на светодиодные.



За последние три года АО «Пассажирские перевозки» приобретено 148 пассажирских вагонов, в которых предусмотрены биотуалеты, а также система централизованного отопления.

В последней декаде августа национальным перевозчиком проведена череда экологических субботников по всем регионам Казахстана, в том числе в пунктах формирования и оборота пассажирских и пригородных поездов. Всего в экологических субботниках приняли участие 1225 работников поездных и локомотивных бригад.

Во время субботников работники бригад провели санитарную очистку территорий вдоль железнодорожных путей, участков, прилегающих к административным и производственным помещениям. Также они побелили деревья и вывезли 32 тонны твердо-бытовых отходов.

Кроме того, железнодорожниками постоянно ведется работа по сортировке твердо-бытовых отходов. На стационарных объектах национального перевозчика повсеместно установлены контейнеры с соответствующими маркировками для раздельного сбора мусора: «пластик», «стекло», «бумага» «прочие отходы». В пунктах формирования и оборота пассажирских поездов заключаются договора со специализированными организациями по сдаче вторичного сырья для его переработки.

*Фото автора*

ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ

Семейлік теміржолшылар қысқа даярлық шараларын аяқтауға таяу. Әсіресе, локомотив шаруашылығы бойынша біршама күрделі жұмыстар жүргізілуде. Әзірлік барысы қозғалыс қауіпсіздігін қатаң сақтаумен қатар өріс алуда.



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Бұл ретте локомотив бригадаларына жоспардан тыс тексерістер мен комиссиялық бақылау сынды шаралар жүргізілуде. Жалпы, ағымдағы жылы Семей ЖТ бөлімшесінде локомотив кешені бойынша ақаулықтар біршама төмендеген. Бұл көрсеткіш жалпы ұлттық компания көлемінде орын алып отырғанымен, жергілікті теміржолшылардың қырағылығы аса жоғары. Осыған дейін барлық бөлімшелердегі орын алған ақаулықтар мен тосын жайттардың себеп-салдары зерделеніп, локомотив бригадаларына ұсынылған болатын.

– Сараптама көрсеткендей, машинистер мен олардың көмекшілері жіберетін бірінші кезектегі ақаулық бағдаршам түсіне назар аудармау екендігі анықталды. Оған жұмыс барысындағы асығыстық, уақытты дұрыс есептемеу, маневрлік жұмыс кезінде қос бағыттағы қозғалыс барысындағы бақылауды жоғалту сынды көптеген жайттар себеп болады. Бұл орайда, қауіпсіздік шараларын арттыру мақсатында арнайы айлықтар мен акциялар өткізілді, – дейді Семей ЖТ бөлімшесінің локомотив шаруашылығы бойынша ревизоры Данияр Бекішев.

Осы ретте «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Семей телімінің аймақтық бас ревизоры Сайлау Юсуповтың бастамасымен ТЧЭ-24, ТЧЭ-25 мекемелері теміржолшыларының басқосумен жиындар өтіп, желі бойындағы және маневрлік жұмыстар кезіндегі қозғалыс қауіпсіздігі мәселесі кеңінен талқыланды. Осы орайда, Сайлау Түсіпұлының әзірлеуімен бағдаршамның тыйым салу белгісінен өтіп кетудің алдын алу мақсатында 11 қағидадан тұратын ережелер жинағы әзірленген болатын. Тораптық жиындарда локомотив бригадаларының назарына ұсынылған бұл жадынама қазіргі таңда семейлік машинистердің күнделікті қолданысына толық енгізілген.

Ал қазіргі таңда бөлімше қарамағындағы локомотивтер кешені бойынша ревизорлық тексеру жұмыстары барынша ширатылды. Мәселен, қыркүйектің 16-нан бастап Ақтоғай станциясынан бастау алатын бақылау-қадағалау жұмыстарын ЦРБ-ның қатысуымен Нұр-Сұлтан қаласынан келетін арнайы комиссия жүргізеді деп күтілуде. Ал ондағы анықталған кемшіліктер осы айдың 23 күні бастау алатын күзгі комиссиялық тексеруге дейін қалпына келтірілуі тиіс.

*Суретті түсірген автор*

ЖОЛЖӨНДЕУ

Еліміздің оңтүстік өңіріндегі ірі торапты станцияның бірі Арысқа келіп кететін пойыздар ағыны бір сәт толастаған емес. Сондықтан теміржол көліктерінің қалтқысыз қызметін және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуде жолшылардың рөлі орасан зор. Олай дейтініміз, болат жол бабында болғанда ғана қозғалыс қауіпсіздігі сақталмақ.

# ТОЗҒАН РЕЛЬСТЕР АУЫСТЫРЫЛДЫ



**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Арыс*

Осы ретте, Арыс жол дистанциясы еңбеккерлерінің өткен жеті айда атқарған жұмысына жіті көңіл бөлсек. Сонымен, дистанция басшылығы алға тартқан дерекке сүйенсек, жыл басынан бері жолға жүргізілген жөндеу жұмыстары жоспар үдесінен шығып, 100 пайызға орындалған. Жолдың техникалық жағдайын бағамдайтын баллдық көрсеткіш 65 бірлікті құрап, бұл бағыттағы меже де ойдағыдай орындалған. Десе де, дистанция мамандары 23 шақырымдай жолдың жағдайы көңіл көншітпей отырғанын айтады. Қазір осы олқылықтардың орнын толтыру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатқан көрінеді. Бұдан бөлек, жыл басынан бері жеті ай ішінде жол шаруашылығына қатысты түйіспе жолдардың 5,1 шақырымдай жолындағы жарамсыз рельстер жаңасымен ауыстырылған. Арыс ПЧ-54 бастығы Махмуд Рысбеков бүгінгі күндегі басты проблема, ол қараусыз жайылып жүрген малдың жолға шығып кетіп, пойыз қозғалысына кедергі келтіруі екенін атап өтті. Осыған байланысты жол бойына жыл сайын жаңадан қоршаулар орнатылып, ескілері жөнделіп отырады екен. Биыл да теміржолға қараусыз жайылып жүрген малдың шығып кетіп, жол апатына әкелмеуі үшін 2,3 шақырымдай жол бойына қоршау орнатылған. Ал жолдарға орта жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде 1,03 шақырымдай жерге ұзын ағаш бұрмалары төселсе, 3 дана Р50 бағыттама бұрмалары Р65 типіне алмастырылған. Сонымен қатар, 1,1 шақырымдай желінген рельстер де алмастырылған. Сондай-ақ, жолдың үстіңгі қабатындағы айқастырма және өзге де жиынтықтар жаңа түрлерімен алмастырылып, дистанцияға қарасты жолдар бір тыңайып қалыпты.

*Суретті түсірген автор*

СҰХБАТ

Жамбыл облысы аумағындағы Т. Рысқұлов ауданында орын тепкен Луговой рельс дәнекерлеу зауыты Қазақстандағы ең ірі кәсіпорындардың қатарына жатады. Темір жол саласындағы салмағы зор өндіріс орнының жұмысы қаншалықты маңызды екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Сондықтан зауыт директоры Бахтияр Түлековті аз-кем әңгімеге тартып, кәсіпорынның жұмысымен танысуға тырыстық.



# «СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДАН БЕРІ ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНАМЫЗ»

**– Бахтияр Жұмабекұлы, 300 адамды жұмыспен қамтып отырған кәсіпорынмен қысқаша таныстырып өтсеңіз. Қателеспесек, өндіріс орнының іргесі сонау Кеңес заманында қаланған болу керек?**

– Иә, бұл мекеменің қабырғасы 1987 жылы Ресей шекарасындағы Новосибирск рельс зауытының жобасы бойынша салына бастапты. Сол кездердегі саяси оқиғалардың ықпалынан болса керек, құрылыс жұмыстары тым ұзаққа созылып, ел тәуелсіздігін алғаннан кейін,1996 жылы қыркүйек айында ғана іске қосылған екен. Содан бері, міне, ширек ғасыр, кәсіпорын егемен елдің теміржол шаруашылығына қызмет етіп, рельстерді дәнекерлеуде, жолды күрделі, ағымдағы жөндеулерден өткізуге өз үлесін қосып келеді.

Бір ауылдың халқындай адамды жұмыспен қамтып отырған ірі кәсіпорын Қазақстанның теміржол саласына қызмет етуде. Маңдай теріміз, жұмсаған күш-жігеріміз елеусіз қалып жатқан жоқ. Ұжым осыдан бес жыл бұрын өндірістік-шаруашылық қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін және пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз еткені үшін «Салалық жарыстың жеңімпазы» деген екінші дәрежелі диплом алды. Одан кейін де екі жыл қатарынан бірінші дәрежелі дипломды иелендік. Бұл марапаттар мекеменің ең төменгі сатыдағы қызметкерінен бастап, барлық жұмысшының еңбегінің жемісі екені белгілі. Теміржол барда біздің жұмысымызға сұраныс бар. Сондықтан қолымыздан келгенше отандық теміржол саласының өркендеуіне алдағы уақытта да өз үлесімізді қоса беретін боламыз.

**– Әрине, оның үстіне мұндай кәсіпорын Қазақстан бойынша екі-ақ өңірде бар екен...**

– Біреуі осы біздің Жамбылда болса, екіншісі Ақмола облысындағы Бурабай аумағында орналасқан. Екеуі де рельс дәнекерлеуге маманданған кәсіпорындар. Қазақстандағы бүкіл теміржол бойына осы екі өндіріс ошағында өңделген рельстер салынып жатыр, қазіргі таңда темір жол магистраліндегі жаңа құрылыстарда, жөндеу учаскелерінде кеңінен қолданылуда.

Айтуға оңай болғанмен, мұндағы ішкі жұмыстардың өзіндік қыр-сыры бар. Зауыттың стационарлы машинасында мамандар 4 ауысыммен жұмыс істейді. Ал ПРСМ техникасы вахталық әдіспен айына 15 күнге жолға шығып, 15 күн демалады. Жұмысшылар арнайы тапсырыс түскен нысанға барып рельстерді жөндейді және күрделі жөндеу кезінде осы зауыттан қажетті рельстерді дәнекерлеп, белгілі бір орынға дайын күйінде жеткізеді.

**– Өндіріс орнындағы техникалар мен олардың мүмкіндіктері қалай? Кәсіпорынның жұмыс көлеміне сай келе ме?**

– Алдымен кәсіпорынның нағыз жүрегі деуге лайық, яғни рельстерді қажетті ұзындық бойынша кесіп, дәнекерлейтін стационарлы машиналармен таныстырайын. Бізде, украиналық екі дәнекерлеу машинасы, яғни екі желі бар. Мұның алғашқысын осыдан он алты жыл бұрын Кахов электр дәнекерлеу құрылғалары зауытынан әкелдік. Бұл – К-1000 машинасы. Былтыр осы кәсіпорынның тағы бір өніміне көзіміз түсті. Сөйтсек, қателеспеген екенбіз, бұл дәнекерлеу құрылғысын Европаның бірқатар елдері мен АҚШ, Қытай, Ресей сынды алып темір жол державалары да тұтынады екен. Сосын биыл барып сол К-1100 машинасын жеткізіп алдық. Соңғысы заманауи ғылымның жетістіктерімен жаңғыртылып, қашықтан басқару жүйесімен жарақтандырылған екен. Яғни, машинадан қандай да бір ақау шықса, ол үшін мамандар түу Украинаның Псков қаласынан сабылып келіп жатпайды. Жәй ғана интернет арқылы-ақ байланысқа шығып, орын алған ақауды анықтап, диагностикасын жүргізіп, жөндей береді. Ең бастысы біздің мамандарымыз «Help» белгісін берсе болғаны. Олар ғаламтордағы кабинетінде отырып-ақ, қызметтерін көрсете береді. Келісім бойынша Украинадан арнайы екі маман келіп, өздері іске қосып, 8 жұмысшымызды оқытып кетті. Ал оған шамамен 250 миллион теңгедей қаржы жұмсалды.

Ал бұрынғы машина бұзылып қалғанда, оның ақауын анықтап, жөндеу үшін зауыт мамандары бірнеше рет келіп кеткен. 2003 жылғы құрылғының «К-1000» деп аталуынан, соңғы үлгісінің «К-1100» деп аталуынан-ақ дәнекерлеуші техниканың қаншалықты жетілдірілгенін аңғаруға болады. Стационардағы қос машина да компьютермен басқарылады. Мамандар қолымен тек рельстерді дұрыс түйістіріп тұрса, жеткілікті. Орайы келгенде айта кетейін, құрылғылардың қуат көзі жерге тұйықтау жүйесімен қосылған. Бір желінің ұзындығы 225 метрді құрайды. Оның әрқайсысында 12 адам жұмыс істейді.

Дефектоскоп бөлмесі туралы айтсам, бұл құрылғыға келгенше 1300 градусқа дейін қызған рельс француздық аппаратпен салқындатылып, шлактардан тазартылады. Содан соң дәнекерленген тұстары тегістеледі. Ал дефектоскоп бөлмесінде дәнекерленген тұсында дефект бар-



жоғы ультрадыбыстық станокпен эхо - жаңғырық әдісі арқылы тексеріледі. Ал дефектоскоп маманы арнайы жабдықталған бөлмеде осы процестерді бақылап отырады. Ол бір ауысымда Рельс-6 аппаратымен шамамен 22-23 түйіскен жерді тексереді. Екі желінің өз дефектоскопы бар. Бұл бөлмеден шыққан рельс әрі қарай арнайы вагондарға тиеліп, қажетті нысанға жеткізіледі. Рельстерді Қазақстанның кез келген аймағына тасымалдауға арналған үш арнайы құрам бар. Сонымен қатар екі балқытушы колоннамен 7 ПРСМ еліміздің кез келген нүктесіне барады, ал стационарда 2 линия жұмыс істейді дедік.

**– Бір жылда шамамен неше шақырым жолдың рельсін дайындап бересіздер өндіріске?**

– Тек былтырдың өзінде 323,5 шақырым жолдың рельстерін дәнекерлеуді жоспарлаған болсақ, оны артығымен орындадық. Нақтылай айтсам, 326,5 шақырым жолдың материалын қолымыздан өткіздік. Жалпы өткен жылы барлық көрсеткіштерді артығымен орындадық. Біздің жұмысымыз әсіресе күрделі, ағымдағы жөндеу жұмыстарының науқанында қыза түседі ғой. Мысалы, былтыр Түлкібастың маңында 60 шақырымдай жолды, Жамбыл дистанциясына қарасты 30 шақырымнан аса жолды жөнделген болатынбыз. Мұндай 100 шақырымға жуық күрделі жөндеу жұмысы елімізде көптен бері болмаған. Сол себептен мұны жаңалық ретінде қабылдаған абзал.

**– Жұмыс барысында тек отандық өнімдерді пайдаланасыздар ма, әлде?**

– Ілгеріде Ресей зауыттарынан шыққан өнімдерді алып келетін едік. Соңғы үш жылдан бері тек өзіміздің отандық рельстерді пайдаланудамыз. Біз өнімін тұтынатын Ақтөбе рельс зауытынан 100 метрлік, 25 метрлік рельстерді сатып аламыз. Кейде тапсырысқа қарай оларды 120 метрге дейін создыртуымыз мүмкін. Яғни, 100 метрлік рельстерді орталықтың тапсырысымен осы зауытта дәнекерлеп, ұзартамыз. Содан кейін 800 метрге дейін ұзартып, жан-жаққа жөнелтеміз. Түйіспесіз барқыт жолдар осылай пайда болады.

**– Өндіріс орны болған соң, әртүрлі жағдайлар орын алуы мүмкін. Мекемеде қауіпсіздік, техникалық талаптар қаншалықты сақталған? Оқыс оқиғалар жоқ па?**

– Кәсіпорында санитарлық және тұрмыстық жағдайдың бәрі жасалған. Еңбек қауіпсіздігі – бірінші орында. Арнайы киімдермен қамту қатаң бақылауға алынған. Тапсырыспен табиғи таза сүт алдырамыз, ол жұмысшыларға күніне жарты литрден беріліп тұрады. Мекеме ішінің зияндылық деңгейі аттестация кезінде анықталып, қаншалықты табиғи сүт беру керектігі соған байланысты бекітілген. Көріп отырғаныңыздай, мұндағы жұмыс ауыр әрі кәсіпорын іші шулы. Қызметкерлеріміздің медициналық тексеруден өткенін жіті қадағалаймыз. Әзірге ешқандай төтенше ахуал тіркелген емес. Еңбек қауіпсіздігін еске салып тұратын аншлагтардың бәрі көрнекі жерге ілінген, үгіт-насихат жұмыстары да нормативтік құжаттарға сай жүргізіліп тұрады.

Біз өндірісте болатын жарақаттарды азайтуға барынша күш саламыз. Сол себепті жұмыс орнына кіреберіс есіктің қасында үлкен айна тұрады. Оған қараған адам айна астындағы «Бүгін қауіпсіздік, сақтық шараларына жауапты адам – осы» деген жазуды оқиды. Мұндай психологиялық әдістер де көп жағдайда көмегін тигізетіні сөзсіз.

Әрине, 400 вольттық электр қуаты күшімен түрлі қара металл мен түсті металдың қосындысынан құйылған болаттай берік рельсті 1200-1300 градусқа дейін балқытып, дәнекерлеу жұмыстары тіпті де оңай емес. Мұның адам өміріне қаншалықты қауіпті екенін де дәлелдеп жатудың өзі артық шығар. Оның үстіне зауыт болған соң, мұнда күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген техника мен технология емес, күрделі электр контактілі дәнекерлеу технологиясы қолданылады.

**– Осындай қауырт жұмыс жыл бойы жалғаса ма әлде демалыс маусымы бола ма?**

– Кәсіпорын жұмысы әр жылдың наурыз айынан бастап қыза түседі. Содан бастап қара күзге дейін тыным таппаймыз. Кей жылдары желтоқсан айына дейін қауырт жұмыс созылатыны бар. Жалпы жылдан жылға жұмыс ауқымы кеңейіп жатқанын айта кеткен жөн. Мәселен, бұл мекеме алғаш жұмысын бастағанда 55 қана жұмысшы болса, қазір 300-ге жақындады. Ал дәнекерлеу аппараттары тіпті ескі еді. Ол кезде 1 ғана ПРСМ машинасы болса, бүгінде оның саны 7-ге жетті. Екі жыл бұрын тұрғызылған рельс жинайтын орынға 80 км рельс сыяды. Бүгінде Ақтөбедегі зауыт рельс шығарса, біз оны тасып алып жатырмыз. Өйткені жаңа жұмыс маусымы басталды. 4 шақырым жолды екі-ақ күнде дайындап береміз. Тек материалдың жеткіліксіздігінен жұмыс тоқтап қалмауы керек. Сол үшін қор жинауға жыл басынан қамданамыз.

**– Ескі рельстерді мүлде пайдаланбайсыздар ма сонда?**

– Неге? Зауытта ескі рельстер де кәдеге жаратылады. 100, 25 және 12,5 метрлік рельстер жалпы ұзындығын 800 метрлік рельстерді әзірлеу кезінде пайдаға асырылады, орта тұстарына жалғанады. Сосын, мысалы, қолданыстан шығып қалған, бірақ жарамды рельстер болады. Оларды не істейміз? Ондайларды алдымен дефектоскоппен тексеріп аламыз. Содан соң ақауын анықтап, өңдеп, керек болса кесіп, қайта дәнекерлейміз. Сосын оны қайтадан пайдалануға жібереміз.

**– Сөз соңында кадр мәселесі, еңбеккерлердің әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы туралы да айтып өтсеңіз...**

– Кадр мәселесінен қиындық жоқ, жас кадрлармен қатарымыз тұрақты толығып тұрады. Былтыр 12 жас маманды жұмысқа қабылдаған болатынбыз. Қазіргі таңда олар тәжірибеден өтіп, қатардағы жұмысшылардан қалмай еңбек етуде. Жұмыскерлердің орташа жалақысы өткен жылы 160 мың теңгеге жуықтаған болатын. Оларды ынталандыру мақсатында көтерме сыйақы беру жүйесі де үнемі назарда. Біз қазіргі таңда биылға жоспарланған тауарлы өнім көрсеткішін 90 пайызға орындап тастадық. Сондықтан жұмысшылардың әлеуметтік ахуалына қатысты жеңілдіктерді тағы да еселейміз деп ойлаймын.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбатты жүргізген Әсел ЖАЙНАҚОВА**

*Суреттерді түсірген автор*

ПЕРЕВОЗКИ

# ВСТРЕЧА НА ПЕРЕХОДЕ

Рабочая встреча железнодорожных делегаций РК и КНР прошла на станции Алашанькоу, на ней обсуждались вопросы по улучшению работы международных переходов, технологии взаимодействия участников перевозочного процесса и государственных контрольных органов.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Алашанькоу*



Казахстанскую делегацию возглавил первый заместитель председателя правления АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» Канат Альмагамбетов, китайскую – заместитель генерального директора, государственной корпорации «Китайские железные дороги» Ли Вэньсин.

В ходе встречи стороны подвели итоги выполнения объемов перевозок через погранпереходы Достык – Алашанькоу и Алтынколь – Хоргос за 7 месяцев текущего года.

Так, за январь-июль объемы составили 9 миллионов 300 тысяч тонн, что на 20,6% больше, чем за аналогичный период прошлого года. В том числе из Казахстана в Китай перевезено 5 миллионов 710 тысяч тонн, что на 19,9% больше, чем в прошлом году. Из Китая в Казахстан перевезено 3 миллиона 600 тысяч тонн, это на 21,8% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

В ходе встречи стороны положительно оценили динамичный рост объемов перевозок грузов и наметили меры по перевыполнению согласованного плана перевозок на один миллион тонн – будет перевезено 16 миллионов тонн грузов. При этом из Казахстана в Китай – 10 миллионов и из Китая в Казахстан – 6 миллионов тонн. Согласованный план перевозок на 2019 год составлял 15 миллионов тонн.

Делегации также договорились, что при благоприятных погодных условиях станция Алашанькоу по широкой колее будет принимать не менее 14 поездов, станция Достык по узкой колее – 12 поездов в сутки. В течение 8 месяцев обмен составлял, соответственно, 12 и 8 поездов.

Во время встречи говорилось по активизации наращивания перевозок контейнерных поездов в сообщении Китай – Европа – Китай, координации с другими железными дорогами, по территории которых проходят маршруты перевозок.

С начала года транзитом через Казахстан было организовано 2013 контейнерных поездов сообщением Китай – Европа – Китай, что на 25% больше аналогичного периода прошлого года. В том числе из Казахстана в Европу – 1147 поездов, что по сравнению с тем же периодом прошлого года увеличилось на 14%. В обратном направлении – 866 поездов, увеличение составило 43%.

За январь-июль текущего года между Китаем и Казахстаном, а также между Китаем и странами Азии, транзитом через Казахстан было организовано 2200 контейнерных поездов, что на 36% больше, чем в прошлом году.

В ходе встречи стороны обменялись мнениями и решили активизировать работу по решению ситуаций, связанных с нехваткой порожних вагонов, организации контейнерных поездов в сообщении Китай – Европа – Китай и Китай – страны Азии – Китай по согласованным ниткам, сокращать время простоя контейнерных поездов на пограничных станциях.

Казахстанская сторона проинформировала об организации перевозок железной руды из Казахстана в Китай с использованием собственных вагонов грузоотправителя и с перестановкой колесных пар на станции Достык.

– Данная встреча направлена на устранение препятствий при пересечении в пункте пропуска, в том числе проходящих транзитом по территории РК из стран Азии в Европу и Центральную Азию поездов, также на повышение уровня развития транспортной инфраструктуры, конкурентоспособности казахстанских транзитных коридоров, улучшение сервиса услуг участников перевозочного процесса, – отметил Канат Альмагамбетов.

Встреча проходила в деловой и дружеской обстановке, а итогом стало подписание совместного Протокола.

